

Маман кеңесі

Тұмаудан сақтанудың жолы қандай?

Тұмау — ауа және тұрмыстық қарым-қатынас арқылы тарайтын вирусты инфекция.

Бұл дерттің инкубациялық, яғни белгі бергенге дейінгі жасырын кезеңі бірне-

Ал егілгеннен кейін 30 минут бойы емханада бақылауда болады.



ше сағаттан 7 күнге дейін созылады.

Тұмау мен жедел респираторлық вирустық инфекциялар — жұқпалы аурулардың ішінде ең көп таралған түрі. Науқастардың саны жағынан, сондай-ақ экономикалық тұрғыдан келтірген залалы бойынша да бірінші орында тұрады.

Тұмаудың эпидемиялық маусымы әдетте күзде басталып, сәуір айына дейін жалғасады. Науқастардың ең көп тіркелетін уақыты — желтоқсан айы.

Ауру жедел басталған жағдайда, дене қызуы бірнеше сағат ішінде 39-40 °C дейін көтеріледі, маңдай аймағында, әсіресе қабақтың жоғары тұсында ауырсыну пайда болады, бас айналып, буындар мен бұлшық еттер ауырады, науқас өзін әлсіз сезінеді. Тұмаумен ауырған адам көп жағдайда күнделікті тірлікке, еңбекке араласа алмай, төсекке таңылады, уақтылы емделмесе, жүйке жүйесінің, жүрек-қан тамырлары жүйесінің ауруларына, пневмонияға ұласып, тіпті кейде тұмауды асқындыру салдарынан өлім-жітім оқиғалары да тіркеледі.

Тұмаудан қорғанудың ең тиімді әдісі — вакцина алу. Әсіресе осал топқа жататын адамдарды вакциналау өте маңызды.

Тұмаудың алдын алу мақсатында биыл 66 440 адамға ақсыз вакцина егу жоспарланды. Бүгінге дейін 41 566 адам егілді, оның ішінде жергілікті бюджет қаражатына егілгендер саны — 36 280, ал 5,3 мыңға жуық адам жұмыс берушінің не өзінің қаражатына егілген.

Профилактикалық екпе салу алдында міндетті түрде термометрия жүргізу керек.

Тұмауға қарсы вакцинация қалалық емханаларда тегін және ақылы негізде жүргізіледі. Оның ішінде ақсыз вакциналауға жататын адамдар: медицина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар, әлсіреген және жиі ауыратын балалар (6 айдан асқан), балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан, қарттар мен мүгедектер үйлерінде тұратын жандар, жүктіліктің екінші немесе үшінші кезеңіндегі әйелдер, жүрек-қан тамырлары жүйесінің созылмалы ауруына шалдыққан жандар, сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша да тегін егу жүргізілуі мүмкін.

Тұмау мен жедел респираторлық вирустық инфекциялардан сақтанудың жолы қандай? Ең алдымен қоғамдық орындарда медициналық бетпердемен жүріңіз! Таза ауада, әсіресе саябақтарда жиі серуендеуді әдетке айналдырыңыз, бұл тыныс алуды реттеп, өкпенің жұмысын, қан айналым жүйесін жақсартады. Үйді және жұмыс орнын жиі желдетіп алыңыз. Жаттығумен, денешынықтырумен айналысудың маңызы зор.

Сырттан келгенде қолды сабындап жуып, есік тұтқаларын дезинфекциялық заттармен сүртіп тұру керек. Тамақтану барысында С дәруменіне бай өнімдерге көңіл бөліңіз.

Ал тұмау жұқтырған жағдайда өз бетіңізбен емделу қауіпті. Міндетті түрде дәрігерге қаралыңыз!

Айнұр ӘБДЕШОВА,
Ақтөбе қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ЖОБА

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ МӨЛШЕРІН ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 726-бабына сәйкес Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қаласының аумағында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін төлем кезінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік табыс салығы және жеке табыс салығы мөлшерлемесі салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістердің 4 (төрт) пайызынан 3 (үш) пайызына дейін төмендетілісін.

2. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2024 жылғы 8 ақпандағы №145 «Ақтөбе қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8501 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Ақтөбе қалалық мәслихатының төрағасы
А.ДАРЖАНОВА.

West Gold Mining Limited жеке компаниясы

«Ақтөбе облысы Қоскөл-1 кен орнында өнімділігі жылына 300 мың тонна кен болатын, тотыққан және аралас кенді қайта өңдеу бойынша алтын өндіру фабрикасының (ЗИФ) құрылысы» жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдау 2025 жылғы 27 қарашада сағат 16.00-де Ақтөбе облысы, Өйтеке би ауданы, Комсомольский а. о., Комсомольское а., Т.Жүргенев к-сі, 67, Целинник мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді, Zoom сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XljSf9Sgc0kmSFTiZfpYphPN2J4qNS.1&omn=86254145378>.

Конференция идентификаторы: 233 827 3093, Кіру коды: z8Rh71.

Әсер ету аумағы:

50°36'24.69»С, 60°60'34.43»В,

50°35'36.13»С, 60°60'74.24»В,

50°35'53.71»С, 60°61'84.47»В,

50°36'46.18»С, 60°61'34.46»В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган — «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ пошталық мекенжайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электронды пошта мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobezher-paidalanuy?lang=ru>, сондай-ақ ресми сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электронды пошта: expert_oos@mail.ru. жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/>.

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: West Gold Mining Limited жеке компаниясы, БСН : 190140900097, мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 13 үй, 179-пәтер.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел. 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 б.БСН 111040001588.

Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, shopik-@mail.ru.

ЕСКЕ АЛУ

Ақтөбе қаласы
Ғалихан НҰҒЫМЕТҰЛЫ
(7.09.1958 ж. - 15.07.2025 ж.)

Шаңырақтың ақылшы тірегі, арқа сүйері, асқар таудай әке, асыл жар, ағайындар үшін ардақты, елге сыйлы бауырымыз, немерелерінің атасы Ғалиханды сағынышпен еске аламыз.

Азамат ең, ағайынның қорғаны,
Суыт кеттің, басқа қайғы орнады.
Қала бердік қайғы бұлтын жамылып,
Бақытымыз бір күнгідей болмады.

Айырылдық та қымбат бауыр-шырақтан,
Қабырғамыз қайысты ғой сынақтан.
Ұрпағыңды желеп-жебеп жатқайсың,
Орның болсын жәннат бақша-жұмақтан.

Еске алушылар: жеңгелері Күнзила, Жібек, зайыбы Гүлнар, ұл-қыздары, бауырлары, немерелері, аға-жеңгесі Мұқан-Надежда.

М.Мәметова атындағы медициналық колледждің студенті **Ақнұр Болатованың** студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарақсыз деп танылсын.

«Байсат Медикал» ЖШС

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 21 қараша күні сағат 11.00-де келесі мекенжайда: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 105-үй, конференц-залда келесі материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өтетінін хабарлайды:

«Байсат Медикал» ЖШС көздерінен атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуының 2025-2034 жылдарға арналған рұқсат етілген нормативтері жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының жоспары».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтынан танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RIBKcFRISiHwSE5UQ2xDOFZUUT09>.

Конференция идентификаторы: 931 840 1523.

Кіру коды: 7wгUКе.

Қосымша ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, О.Кошевой көшесі, №113, 50.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Байсат Медикал» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Абай даңғылы, 109/9 үй, 14-пәтер. Тел.: 327-49-99, Электронды пошта: BAISATMEDICAL@MAIL.RU.

Жобаның әзірлеушісі: «Е.А.Group Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, О.Кошевой көшесі, №113, 50. БСН: 190540023876. Тел.: +7 705 478 00 43.

ЖАРНАМА 90-71-55



Ақтөбе

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70VPU00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары

Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы

Динара САҢҒУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ

БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер

Мейрамгүл САТАЕВА

Кәмшат ҚОПАЕВА,

Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ

ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,

Ақбота ҚАЛДЫБЕК,

Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК

САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ

Тілшілер Индира ӨТЕМІС,

Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші

Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші

Гүлмира АЙНАЗАРОВА

Корректорлар

Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА,

Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ә.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11680 Тапсырыс №1153

Нөмірдің кезекші редакторы
Айдана Алтыбаева